

Оларға қатысты кеден декларациясын беру Еуразиялық экономикалық одақтың " Минералдық тыңайтқыштарға қойылатын талаптар туралы" (ЕАЭО ТР 039/2016) техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер тізбесін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 21 тамыздағы № 133 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 шешімімен бекітілген Оларға қатысты Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімді (тауарларды) Кеден одағының кедендік аумағына әкелу тәртібі туралы ереженің 2-тармағының "в" тармақшасын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Оларға қатысты кеден декларациясын беру Еуразиялық экономикалық одақтың "Минералдық тыңайтқыштарға қойылатын талаптар туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 039/2016) талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер тізбесі бекітілсін.

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық одақтың "Минералдық тыңайтқыштарға қойылатын талаптар туралы" (ЕАЭО ТР 039/2016) техникалық регламенті күшіне енген күннен бастап, бірақ осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 21 тамыздағы
№ 133 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Оларға қатысты кеден декларациясын беру Еуразиялық экономикалық одақтың " Минералдық тыңайтқыштарға қойылатын талаптар туралы" (ЕАЭО ТР 039/2016) техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжатты ұсынумен қоса жүретін өнімдер ТІЗБЕСІ

--	--	--	--

Өнімнің ауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Сәйкестікті бағалау туралы құжат	Ескерту
1	2	3	4
1. Азотты тыңайтқыш		2814 20 000 0 ден 2827 10 000 0 ден 2834 29 800 0 ден 3102 ден	минералдық тыңайтқыштың тіркелгені туралы куәлік
2. Фосфорлы тыңайтқыш 3. Калийі бар тыңайтқыш		2510 20 000 0 ден 2835 25 000 0 ден 2835 26 000 0 ден 3103 ден 2827 39 850 0 ден 2833 29 800 0 ден 3104 ден	минералдық тыңайтқыштың тіркелгені туралы куәлік минералдық тыңайтқыштың тіркелгені туралы куәлік
4. Бірнеше негізгі құнарлы элементтері бар, соның ішінде макроэлементтері және микроэлементтері бар кешенді тыңайтқыш		2834 21 000 0 ден 2835 24 000 0 ден 3105 ден	минералдық тыңайтқыштың тіркелгені туралы куәлік
5. Микротыңайтқыш		2810 00 ден 2827 ден 2833 ден 2840 ден 2841 70 000 0 ден	минералдық тыңайтқыштың тіркелгені туралы куәлік

Ескерту : 1. Осы тізбені қолдану мақсаттары үшін өнімнің атауын да, ЕАЭО СЭҚ ТН кодын да пайдалану қажет.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың "Минералдық тыңайтқыштарға қойылатын талаптар туралы" (ЕАЭО ТР 039/2016) техникалық регламентінің талаптары органикалық және органикалық-минералдық тыңайтқыштарға қолданылмайды.